

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

GRI 2-22

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР, АКЦИОНЕРЛЕР, СЕРІКТЕСТЕР, ИНВЕСТОРЛАР ЖӘНЕ СТЕЙКХОЛДЕРЛЕР!

Сіздердің назарларыңызға «KEGOC» АҚ компаниясының 2024 жылға арналған Жылдық есебін қуанышпен ұсынамыз. Бұл есепте біз бір жыл ішіндегі жұмысымыздың қорытындыларын шығарып, 2025 жылға арналған биік мақсаттарымызды айқындап отырмыз. Есеп біздің бірлескен еңбегіміздің нәтижесін және жыл бойы көрсеткен үздіксіз жетілдіруге деген ұмтылысымызды көрсетеді.

Өткен жылы біз айтарлықтай жетістіктерге қол жеткіздік. Ұжымның үйлесімді жұмысының арқасында «KEGOC» АҚ өндірістік және қаржылық қызмет бағыттары бойынша да тұрақты өсім көрсетті. Қазақстанда электр энергиясын тұтыну 4,3%-ға өсіп, 120 млрд кВт-сағ-ты құрады, ал өндіріс көлемі 4,5%-ға артып, 117,9 млрд кВт-сағ-қа жетті. Біз Ұлттық электр торабын тұрақты және сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз еттік.

KEGOC ұжымының үйлесімді және сапалы жұмысын ерекше атап өткім келеді. Электр желілік нысандардың күзгі-қысқы жүктеме маусымына уақтылы және жоғары деңгейде дайындалуы — осының айғағы. Біз өндірісте апатсыз және қауіпсіз жұмысты қамтамасыз еттік, бұл біздің қауіпсіздік стандарттарына ұстанымымыздың дәлелі болды. Компаниямыз АО «Самұрық-Қазына» қорының құрамындағы өндірістік қауіпсіздік бойынша үздік компания деп танылды — бұл шын мәнінде ерекше жетістік.

Қаржылық нәтижелер де қуантады: Компанияның таза кірісі 59,5 млрд теңгені құрады, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 37,1%-ға жоғары. Акционерлерге 44,6 млрд теңге көлемінде дивиденд төленуде, ал біздің кредиттік рейтингтеріміз ел деңгейіне дейін көтерілді. Бұл инвесторлардың сенімінің айқын көрінісі.

Біз инфрақұрылымдық ауқымды жобаларды жүзеге асыруды жалғастырып келеміз. Атап айтқанда, еліміздің оңтүстігінде электр желілерін күшейту және Батыс Қазақстанның энергетикалық жүйесін Біртұтас энергетикалық жүйемен біріктіру бойынша жұмыстар жүріп жатыр. 2024 жылы біз Азия даму банкімен, Еуропалық қайта құру және даму банкімен, сондай-ақ «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-мен келісімдерге қол қойдық — бұл дамуымыздың жаңа көкжиектерін ашады.

Әлеуметтік саясат та біздің басты басымдықтарымыздың бірі болып қала береді. Біз «Самұрық-Қазына» тобы компаниялары арасында өндірістік қауіпсіздік пен әлеуметтік тұрақтылық көрсеткіштері бойынша көшбасшы болуымызды мақтан етеміз. 2024 жылы біз қызметкерлеріміздің өмір сапасын арттыруға бағытталған бірқатар бастамаларды енгіздік, соның ішінде жалақыны арттыру және бейінді білім беруге қолдау көрсету шаралары жүзеге асырылды.

Болашаққа сеніммен және батылдықпен қараймыз. 2025 жылы біз энергетикалық жүйені жаңғырту мен инвестициялық жобаларды іске асыруды жалғастырып, жұмысымыздың сенімділігі мен қауіпсіздігін арттыруға баса назар аударамыз. Филиал басшыларына инвестициялық бағдарламаларды іске асыру, сапалы жөндеу жұмыстарын жүргізу және қауіпсіздік шараларын күшейту міндеттері жүктелді.

«KEGOC» АҚ компаниясы алға сенімді қадам басып, Қазақстанның энергетикалық жүйесінің сенімділігін және компанияның тұрақты өсімін қамтамасыз етуде. Баршаңызға адалдығыңыз және ортақ іске қосқан үлестеріңіз үшін шын жүректен алғысымды білдіремін. Бірлесе отырып, біз бұдан да биік белестерге жете аламыз!

**НӘБИ ЕРКІНҰЛЫ
АЙТЖАНОВ**

«KEGOC» АҚ Басқарма
төрағасы